

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем»бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	06.03-10.03.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сарсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбеттің тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кенестер беру.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді куте білу.</p>		<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сұрту іскерліктерін жетілдіру.</p>
Сюжетті суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Көктем" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	<p>Санамактар айтқызы. Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетең.</p>	<p>Санамактар айтқызы. Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетең.</p>		<p>Мұсіндеуден ойын- жаттығу "Конжық". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктер аясын кенекту, конжықтың дене құрылышы жөніндегі білімдерін пысықтау.</p>

	<p>Сенбі күні кино көрдік. Жексенбіде үйде болып демалдық, Осылайша өте шықты бір апта. (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>таннымдық- зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
Таңгеренгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшак, доп ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>		
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p>		

	<p>Устел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; наңды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Сабындаған кезінде Ашытады көзінді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзінді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шенбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Шаттық шенбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Шаттық шенбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек. (сөйлеуді дамыту)

	<p>Куанамын мен де Куанасың сен де, Куанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Аспан ата! Армысыз, мейрімді Жер - Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн! Куан, шаттан, алақай! (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>Куанамын мен де Куанасың сен де, Куанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (сөйлеуді дамыту)</p>	
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Таза бұлак". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шешебер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тұра бағытта еңбектеуге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Көктемгі жылғалар". Мақсат-міндеттер. Балаларды доғаның астымен өрмелеуге; тепе-тендікті сақтай отырып тұра жолмен жүргүре үйрету; балаларды жануарлардың қимылдарына елікте, қымыл ойындарын ойнауға қызығушылықтарын ояту.</p>		<p>Дене шынықтыру "Таза бұлақтай таза болайық!" Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеуге; тақтай бойымен тепе- тендікті сақтауға үйрету; 4-6 м қашықтыққа тұра бағытта еңбектеу дағдыларын пысықтау.</p>	<p>Қазақ тілі «Көрікті көктем». Көктем жыл мезгілі. Тамшы сияқты құбылыстар жайында шағын өлең жолдарын қайталату, сөздерді анықтап айтуды, жағымды көңіл қүйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «Көктем» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету.</p>

					Kөктем туралы әндерді қайталап айту қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту; жалпы «Көктем» тақырыбы бойынша сөйлеуді, есту арқылы қабылдауын дамыту, есту, еске сақтау қабілетін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін дамытып, жағымды көңіл күйін білдіре алу қабілетін қалыптастыру. Байқағыштықтық қасиеттерін, әсемдікті сезіну қабілетін, көркемсөзге қызығушылығын дамыту.
2- таңғы ас	Балаларға тاماқ ішер алдында қолды жуу, тاماқтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тاماқ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тاماқтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті				

	тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Көктем келді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: көктем туралы ойларын бекіту, табиғаттағы өзгерістерге назар аудару.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға жем беру). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: табиғат объектілеріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ағын арқылы", "Таяқша". (дene</p>	<p>Табиғат өзгерістерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, бақылау дағдыларын дамыту.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (карды белгілі бір жерде жинау) (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: табиғат объектілеріне қомектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ең епті!", "Ең жылдам!" (дene шынықтыру)</p>		<p>Пошташының жұмысын бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: пошташының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік корын байыту; еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау.) (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: қызығушылықтарын бағындырып, бірлесіп жұмыс жасау қабілетін</p>	<p>Көгершіндерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту.) (еңбек дағдылары)</p>

	<p>шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің нұсқауы бойынша тез әрекет етуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелу, балаларды ойын жағдайына сәйкес қимылдауға; жылдамдық пен ептілікті дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жылан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сияқты жүруді жалғастыру; зейін мен бақылауды дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту; топтың орындау дағдыларын дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқага бер". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты лақтыру және қағып алу - ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p>	<p>дамыту, жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу.</p> <p>Қымыл-қозгалыс ойындары: "Күн кояндары", "Қаздар". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағыландыру.</p> <p>Қымыл-қозгалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалак". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты ұдету кезінде белгі бойынша қозгалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: онға, солға, айналға</p>
--	---	---	---	---

					бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау.
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде</p> <p>Ашытады көзінді.</p> <p>Бола білсең төзімді,</p> <p>Тап-таза етер өзінді.</p> <p>Тазалықтың досы -</p> <p>Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үййінштегі тұтынуына жайлар жағдай туғызыу.				
Бірте-бірте тұрғызыу, сауықтыру шаралары	<p>Үйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындауды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың үйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p>				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Тамшылар". Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденен сзызықтың "шатырдың" бойымен солдан онға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл тамшылар тізбектерін салуда жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету.</p> <p>"Гүлдер" имитациялық ойны. - Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша</p>	<p>Драматизация. "Карлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегісін суреттерді қолдану арқылы сахналай. (көркем әдебиет)</p> <p>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Судың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін</p>		<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көктем келді суретімен танысу". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау.</p> <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көктем тамшылары". Мақсат-міндеттер. Балаларды бірыңғай ырғактағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Ақшақар". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқияттыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру.</p> <p>"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойны. Мақсат-міндеттер: балаларға</p>

<p>қымылдарды жасайсындар. Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бұғіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне койып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле</p>	<p>дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), сәйкестендіру нәтижесін атап айтударын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзben қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	<p>сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бақылауды, есте сақтауды жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
---	---	---	---

	бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады.			
Балалармен жеке жұмыс	<p>Саусақ жаттығулары</p> <p>Бас бармақ бастық екен,</p> <p>Сұқ саусақ сақтық екен,</p> <p>Ортан қол ойшыл екен,</p> <p>Аты жоқ саусақ тойшыл екен,</p> <p>Ал шынашақ еңбекшіл қойшы екен.</p> <p>Бастық басқар, сақтық сақтар,</p> <p>Ойшыл ойла, тойшыл тойла.</p> <p>Саусақтарды бүгеміз, Саусақтарды бүреміз.</p> <p>Бүгіп , бүріп саусақты,</p>	<p>"Көктем" тақпағын айтқызу.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Бала тілін дамыту.</p> <p>"Көктем" (Көмек Ібыраев)</p> <p>Бұлбұл сайрап шат үнді,</p> <p>Ну тоғайға шақырды.</p> <p>Таудан аққан өзен де</p> <p>Бар даусымен "ақырды".</p> <p>Жайрандасып жас-кәрі,</p> <p>Құстар келе бастады.</p> <p>Қыс киген ақ шапанды,</p> <p>Көктем жыртып таstadtы.</p> <p>(сөйлеуді дамыту,</p>	<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу.</p> <p>"Бәрін байқау" (елеу, көру).</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 секунд ашып тұрып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атаяны ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 секунд ашып тұрып, балалардан заттардың қандай</p>	<p>"Қызғалдақ" өлеңін жаттау</p> <p>Қырқалардың төрінен Қаулап көзге ұрады.</p> <p>Қызғалдақтар өнірді Қып-қызыл ғып тұрады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>

	<p>Сергіл қалдық, міне, біз. (сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p>	қазақ тілі)	<p>ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез-келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 секунд көрсетіңіз. Балалардан қандай заттарды орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз.</p>	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.			
Серуен	Тұскі серуендеңі бақылауды жалғастыру. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлышты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p>			

	<p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде Ашытады көзінді. Бола білсең тәзімді, Тап-таза етер өзінді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырут, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, ауа райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу ұлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Аспаптың</p>

	<p>сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Өнер бұрышында андардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білеziк, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуralармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>			
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансұйғіштікке тәрбиелеу."	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".		Жаднама. "Отбасына жағымды атмосфера сыйлау". "Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова